

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арасындағы "Үш топқа: жастарға, егде қызметкерлер мен халықтың әлеуметтік осал топтарын қорғауға бағдарланған саясаттарға шолу жасау" жобасы туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 206 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арасындағы «Үш топқа: жастарға, егде қызметкерлер мен халықтың әлеуметтік осал топтарын қорғауға бағдарланған саясаттарға шолу жасау» жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Босымбекқызы Дүйсеноваға Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арасындағы «Үш топқа: жастарға, егде қызметкерлер мен халықтың әлеуметтік осал топтарын қорғауға бағдарланған саясаттарға шолу жасау» жобасы туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*К.Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

9

с ә у і р д е г і

№ 2 0 6

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арасындағы «Үш топқа: жастарға, егде қызметкерлер мен халықтың әлеуметтік осал топтарын қорғауға бағдарланған саясаттарға шолу жасау» жобасы туралы келісім**

Осы жерде және бұдан әрі жеке алғанда «Тарап» немесе бірге «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық

мыналар туралы келісті:

## 1-бап. Келісімнің нысанасы

1. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі - ЭЫДҰ) 2015 - 2016 жылдарға арналған Жұмыстар және бюджет бағдарламасының (ЖББ) бөлігі ретінде үш топқа «Жастарға, егде қызметкерлерге және халықтың осал топтарын қорғауға бағдарланған саясаттарға шолу» жобасын (бұдан әрі - жоба) жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі жобаға қатысты ЭЫДҰ орындайтын жұмысты қаржыландыруға келіседі.

3. Жобаның ұзақтығы осы келісімге қол қойылған күнінен бастап 24 айды құрайды.

## 2-бап. Бюджеттік және қаржылық тетіктер

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ЭЫДҰ-ға жобаны іске асыруға байланысты шығыстарды жабуға 818000 (сегіз жүз он сегіз мың) евро мөлшерінде жарна беруге міндеттенеді.

2. Жарна екі кезеңде:

1) Осы Келісімге қол қойылған және ЭЫДҰ-нан төлем үшін тиісті шот алынған сәттен бастап жарнаның 80 %-ы;

2) Жоба соңында ЭЫДҰ-дан төлем үшін тиісті шот алынғаннан кейін жарнаның 20 %-ы төленетін болады.

3) ЭЫДҰ өзінің қаржылық регламентіне және басқа да тиісті қағидаларына, рәсімдеріне және әдістеріне сәйкес қазіргі уақытта жарнаның жалпы сомасының 5,3 % әкімшілік шығындардың орнын толтыру төлемақысын көздейтін жарнаны әкімшілендіреді. Бухгалтерлік есепке алудың жалпыға бірдей қабылданған қағидаттарына сәйкес шығыс ЭЫДҰ шоттарында көрсетіледі және ол ЭЫДҰ аудитінің стандартты қағидаларына сәйкес аудит кезінде тексерілуі мүмкін.

## 3-бап. Жұмыстар мен есептіліктің сипаттамасы

1. ЭЫДҰ осы Келісімге қосымшаға сәйкес жобаны орындайды.

2. Осы Келісімге қол қойылғаннан кейін төрт айдың ішінде ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне әлеуметтік қорғалмаған еңбекшілер үшін жұмысқа орналасудағы тосқауылдарды және жастарға, егде қызметкерлерге және мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған негізгі стратегиялық мүмкіндіктерді анықтауға сауалнаманы жібереді.

3. Осы Келісімге қол қойылғаннан кейін бес - сегіз ай ішінде «бастау» семинары және бір апталық оқу сапары Қазақстанда өткізіледі (қол қою күні 5 айдан 8 айға дейін)

. ЭЫДҰ Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне (бұдан әрі - ДСӘДМ) басқа елдердің шолуларымен анықталған негізгі нәтижелердің және стратегиялық сабақтардың шолуын ұсынады. «Бастау» семинары жобаның бұдан арғы бағыттарын талқылауға мүмкіндік береді. Оқу сапары семинармен тығыз байланыста өткізілетін  
б о л а д ы .

4. Келісімге қол қойылғаннан кейін он бес айдың ішінде ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне шығыстар туралы жылдық есепті ұсынады.

5. Осы Келісімге қол қойылғаннан кейін он сегіз айдың ішінде ЭЫДҰ оқу саларының барысында жинақталған ақпараттың негізінде Қазақстан Республикасындағы жастарға, егде қызметкерлер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға қатысты еңбек нарығындағы жағдай туралы есеп жобасын дайындайды, соған байланысты халықтың осы топтарының жұмысқа орналасуы кезіндегі негізгі тосқауылдар, сондай-ақ осы проблемаларды шешудің ықтимал жолдары анықталатын  
б о л а д ы .

6. Осы Келісімге қол қойылғаннан кейін он тоғыз айдың ішінде Қазақстан Республикасында ЭЫДҰ-ның есеп жобасы бойынша есеп семинары өткізіледі. Осы семинардың мақсаты есеп жобасының негізгі нәтижелерін және стратегиялық ұсынымдарды тиісті министрліктердің түйінді қазақстандық сарапшылармен және басқа мүдделі тараптармен талқылау болып табылады.

7. Осы Келісімге қол қойылғаннан кейін жиырма төрт айдың ішінде ЭЫДҰ Қазақстанның уәкілетті органдарымен есеп семинарын және консультация кезіндегі талқылау қорытындыларын ескере отырып, есеп жобасын пысықтайды және жариялайды. ЭЫДҰ және Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасында қорытынды есептің презентациясын ұйымдастыруға тиіс.

8. Жоба аяқталғаннан кейін алты ай ішінде ЭЫДҰ шығыстар туралы қорытынды есепті Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.

9. Қазақстан Республикасының Үкіметі ЭЫДҰ есептілігінің стандартты форматына сәйкес шығындар туралы есепте қаржылық есептілікке қойылатын талаптардың сақталуымен келіседі.

#### **4-бап. Ақпарат алмасу**

Тараптар бір-біріне өзара көмек және Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат  
б е р е д і .

Тараптар арасындағы кез келген ақпарат алмасу мына мекенжайға жіберіледі:

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі - 010000, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Орынбор көшесі, № 8-үй, тел.: н-7(7172) 74-35-25, 743630, email: minzdravsoc@m z s r . g o v . k z ;

ЭЫДҰ үшін: Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі ЭЫДҰ Директораты, Алессандро ГОЛИО, Андрэ-Паскаль көшесі 2, 75775 Париж, Франция. Cedex 16, электрондық почта: alessandro.goglio@oecd.org; тел: 0033 1 45 24 75 71 және 0033 6 11 37 14 75.

## **5-бап. Жобаның нәтижелерін пайдалану**

1. Жобаның кез келген үлгідегі нәтижелері ЭЫДҰ меншігі болып қалуға тиіс.
2. Құжаттарды жіктеуге және жіктеуден шығаруға қатысты, үшінші тараптардың құқығын сақтаған кезде, сондай-ақ ЭЫДҰ ережелері мен саясатын сақтағанда ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне кез келген коммерциялық емес мақсаттар үшін Жоба бойынша қорытынды есептің қағаз көшірмелерін қолдануға, көшірмесін жасауға және таратуда қайтарып алынбайтын жай құқықты береді. Қазақстан Республикасының Үкіметі сондай-ақ қорытынды есепті өз веб-сайтында орналастыруға және толықтай «ОҚУ ҮШІН» (html 5) деп таратуға уәкілетті.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі қажет болған жағдайда, әрқашан тиісінше ЭЫДҰ-ның авторлық құқығын растауға міндетті.
4. ЭЫДҰ мұндай жарияланымның тіліне және нысанына қарамастан түпкілікті есепті бірінші болып жариялау құқығын сақтайды.
5. Қорытынды есеп Қазақстан Республикасы Үкіметінің жобаға қосқан үлесін тануды және жарияланым мұқабасының кері жағында немесе жарияланымның ішінде жоғарыда көрсетілген танумен қатар орналастырылатын Қазақстан Республикасы Үкіметінің рәмізін қамтитын болады.
6. Жоба барысында ЭЫДҰ-ға ұсынылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігі болып табылатын кез келген деректер немесе ақпарат Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігі болып қала береді. ЭЫДҰ көрсетілген деректерді және ақпаратты өз есебін дайындау мақсатында және неғұрлым кең тұрғыда жобаны іске асыру үшін пайдалануға және (немесе) енгізуге құқылы.

## **6-бап. Дауларды шешу**

Осы Келісімнің қолданылуын, жарамдылығын немесе бұзылуын қоса алғанда, оны түсіндіруден, қолданудан немесе орындаудан туындайтын, келіссөздер жүргізу жолымен шешілуі мүмкін емес кез келген дау, келіспеушілік немесе талаптар осы Келісім күшіне енген күнге жұмыс істеп тұрған аралас соттың Тұрақты палатасының халықаралық ұйымдар мен мемлекеттері үшін төрелік сотының ережелеріне сәйкес түпкілікті төрелігі арқылы реттеуге жатады. Судьялардың саны - біреу. Судья Тараптар арасындағы уағдаластықтар жолымен сайланады. Егер төрелік талап еткеннен кейінгі үш айдың ішінде мұндай уағдаластыққа қол жеткізілмесе, жоғарыда көрсетілген регламентке сәйкес Тараптардың біреуінің талабы бойынша тағайындалады. Төрелік

сот Парижде, Францияда өтеді және барлық іс жүргізу мен берілетін түсініктемелер ағылшын тілінде болуы тиіс.

## **7-бап. Артықшылықтар мен иммунитеттер**

Осы Келісімде ешнәрсе халықаралық ұйым ретінде ЭЫДҰ иммунитеттері мен артықшылықтарынан бас тарту ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

## **8-бап. Өзгерістер**

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **9-бап. Күшіне енуі**

Осы Келісім екі Тарап та қол қойған және ЭЫДҰ-ның Бюджет комитеті Қазақстан Республикасының Үкіметінен қаржылық жарна алған кезден бастап күшіне енеді. Ол екі Тарап та одан туындайтын барлық міндеттемелерді орындағанға дейін күшінде болады және қолданылады.

Әрқайсысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде алты түпнұсқа данада қол қойылды. Қазақ, орыс және ағылшын мәтіндерінің арасында алшақтықтар орын алған жағдайда, ағылшын тіліндегі нұсқасы жалғыз түпнұсқа болып табылады.

*Қазақстан Республикасының Экономикалық ынтымақтастық  
Үкіметі атынан және даму ұйымы атынан*

*Тамара Дүйсенова ханым Стефано Скарпетта мырза*

*Қазақстан Республикасының ЭЫДҰ Жұмыспен қамту, еңбек және  
Денсаулық сақтау және әлеуметтік әлеуметтік мәселелер жөніндегі  
даму министрі директорының директоры*

*күні*

*күні*

*Энтони*

*Дж.*

*Роттье*

*мырза*

Атқарушы директор

күні

Қосымша

**Үш топқа: жастарға, егде қызметкерлер мен халықтың әлеуметтік осал топтарын қорғауға бағдарланған саясаттарға шолу жасау**

### **Анықтамалық ақпарат**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі ЭЫДҰ-ның Қазақстан үшін жастар, егде қызметкерлер және мүмкіндігі шектеулі адамдар сияқты халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарының еңбек нарығының

қорытындылары туралы шолу жүргізуіне қызығушылық танытты. ЭЫДҰ-ның осы жобасының негізгі мақсаты Қазақстанда халықтың осы топтарын жұмысқа орналастырумен байланысты негізгі проблемаларды талдау және олардың жұмыс нарығын және әлеуметтік перспективаларын жақсарту үшін тиісті стратегиялық іс-қимылды айқындау болып табылады.

Жоба ЭЫДҰ-ның соңғы онжылдықта жастарды жұмысқа орналастыру, егде қызметкерлерді жұмысқа орналастыру саясаты және мүмкіндігі шектеулі адамдарды нысаналы әлеуметтік қолдау саласындағы кең ауқымды жұмысқа, сондай-ақ Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің осы салалардағы жұмысына және тәжірибесіне негізделетін болады. Жоба сонымен қатар ұсынылған әдістер бойынша жастарға өзінің еңбек қызметін табысты бастауға көмек көрсетуді қамтамасыз ету, егде қызметкерлер үшін еңбек нарығының жағдайын жақсарту, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарды нысаналы әлеуметтік қолдаумен қамтамасыз ету үшін Қазақстан мен басқа елдердің жоғары лауазымды тұлғалары арасында өзара ақпарат алмасуға ықпал ететін болады.

Жоба келісімге ресми қол қойылған сәттен бастап 3 айдан соң басталады және түпкілікті есеп басып шығарылып, қол қойылған сәттен бастап 24 айдың ішінде аяқталады. Ол алғашқы «бастау» семинар арқылы жеткілікті ақпарат алмасуды және танысу саларын [қол қою күні + 5 - 8 ай аралығы], екінші семинар бір жылдан соң қорытынды есеп нәтижелерін ұсынуды қамтиды. ЭЫДҰ үшін осы жобасының жалпы құны 818000 € бағаланып отыр.

**Жастар, егде қызметкерлер мен мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін барлығын қамтитын еңбек нарығын құру Қазақстан үшін басым саясат болып табылады.**

#### *Адамдардың бірінші тобы - жастар*

Жастардың кейбір топтары үшін қолайсыз еңбек нарығының және кәсіптік нәтижелерінің проблемаларын шешу Қазақстандағы саяси ой-пікірдің негізгі тақырыбы болып табылады. ЭЫДҰ-ға мүше мемлекеттердің басым бөлігіндегідей жастардың еңбек нарығына табысты атсалысуы олардың жеке экономикалық перспективалары ғана емес, жалпы экономикалық өсуі және әлеуметтік бірігуі үшін де түйінді маңызы бар. Жастарға инвестициялау және оларға жұмыс саласында үздік бастама жасау Қазақстан үшін артықшылық болып табылмайды. Бұл Қазақстанның барлық елдермен бөлісетін ортақ саясаты. Бұл үшін өзара тығыз байланысқан әлеуметтік іс-шараларға және еңбек нарығының шараларына бағдарланған білім беру жүйесін дамыту бойынша келісілген іс-қимыл талап етіледі. Нысаналы қолдау жастардың әлеуметтік неғұрлым қорғалмаған топтарына бағдарлануы және жұмысқа орналасуда қиындықты бастан кешіріп жүрген жастарды қолдауға бағытталуы тиіс.

Білім беру саласындағы көзге түсер нәтижелерге қарамастан, PISA (Халықаралық студенттердің бағдарламаларын бағалау) талдау нәтижелерінде анықталғандай, Қазақстанда көптеген жастар математика немесе оқыту сияқты негізгі пәндер бойынша

ЭЫДҰ-ның орташа көрсеткіштеріне сәйкес келмейді. Жоғары білімді жастар санының ұлғаюына қарамастан, жастар арасындағы дағдыларының сәйкес келмеуі мен білікті кадрлардың жетіспеушілігі Қазақстанның ұйымдары үшін бұрынғысынша маңызды тосқауылдар болып қалуда. Қазақстанда жұмыс берушілерге қажетті дағды деңгейі бар адамдардың салыстырмалы тапшылығы орын алып отыр, соған байланысты жастардың көбінесе өздерінің білім саласына сәйкес келмейтін орындарда жұмыс істеуіне тура келеді. Жастар арасында жұмыссыздықтың деңгейі төмен болуына қарамастан, жастар формальды емес секторда жұмысқа жиі орналасады және оларға формальды секторға а у ы с у қ и ы н .

Осылайша, көптеген жастар үшін жоғары біліктілікті талап ететін жұмыс орындары қолжетімсіз күйінде қалады. Мұнда формальды емес сектор негізгі таңдау болып қалады, бұл еңбек шартында көзделген (ең төмен мөлшердегі жалақы, жұмыспен қамтуды қорғау немесе еңбек шарттарының ең төмен нормалары) әлеуметтік қамсыздандырусыз немесе қорғаусыз ең төменгі еңбекақы дегенді білдіреді. Бұл тренингтер немесе мансаптық өсу үшін өзге мүмкіндіктердің көмегімен біліктілігін жоғарылату мүмкіндіктерінің болмауына әкеледі.

#### *Адамдардың екінші тобы - егде қызметкерлер*

Егде қызметкерлерге жұмысқа деген жақсы бастама мен таңдауды ұсыну Қазақстан үшін маңызды басымдылық болып қалуда. Бұл халықтың тез қартаюына және әлеуметтік шығыстардан туындайтын қысымға байланысты. Егде қызметкерлердің үлесі жоғары басқа елдер сияқты Қазақстан адамдардың осы санатын жұмысқа орналастыру мүмкіндігін қолдау қажеттілігін болашақта шешілетін проблема ретінде көріп отыр. Демографиялық қартаю проблемаларын шешудің маңызды тұстарының бірі адамдарға белсенді болып қала беруге және қоғамның дамуына өз үлесін қосуға мүмкіндік бере отырып, халықтың тез қартаюының экономикалық өсуге жағымсыз әсер е т у і н а з а й т у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазақстанда жас шамасының ұлғаюына байланысты жұмыссыздық деңгейі мен белсенді емес халықтың деңгейі тез өсуде. Нәтижесінде 55-59 жастағы топ барлық жас топтарының ішіндегі жұмыссыздықтың жоғары деңгейін көрсетеді. Жасына байланысты біліктілік деңгейі төмендейді, бұл егде адамдардың жастарға қарағанда білімінің төмен екенін білдіреді. 55-64 жастағы топ әрбір үшінші жұмысшының біліктілігі төмен. Әлеуметтік аспектінің әлсіз тұстарын ескере отырып, экономиканың формальды емес секторында жұмыс істеу мүмкіндігі ұлғаяды. 55-64 жастағы адамдардың 30 %-ға жуығы ресми түрде жұмыс істемейді және бұл үлес 65 және одан жоғары жастағы қызметкерлер үшін 70 %-ға дейін ұлғаяды.

#### *Үшінші топтағы адамдар - мүмкіндігі шектеулі адамдар*

Көптеген басқа елдердегі сияқты Қазақстан үшін тағы бір маңызды проблемалардың бірі - мүмкіндігі шектеулі адамдар, олар қоғамнан алшақталады, сондықтан олар көтермеленбейді және экономикалық және әлеуметтік өмірге белсенді

араласпайды. Бұдан басқа, мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмыспен қамтуды сақтау және олардың еңбек нарығына одан әрі қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет. Соған қарамастан, лайықты өмір сүру үшін олардың жалақысының әлеуетін шектейтін табыстарға кепілдік беруді және мүгедектік салдарының тәуекелін төмендетуді қ а м т а м а с ы з е т у қ а ж е т .

Қазақстан мүмкіндігі шектеулі адамдардың еңбек және жұмыспен қамту нарығына қатысуын кеңейтуге бағытталған мынадай бірқатар стратегияны жүзеге асырды: мүмкіндігі шектеулі адамдардың кәсіптік дайындығын қамтамасыз ету және жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейту; оларға микрокредиттер беру арқылы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу; мүмкіндігі шектеулі адамдарды экономикалық әлеуеті төмен елді мекендерден экономикалық өсімі бар орталықтарға көшіруді жеңілдету; мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жұмыс орындарын құруға кәсіпорындарды ынталандыруды қамтамасыз ету. Соған қарамастан осы стратегиялардың кейбіреулері толыққанды орындалмайды және оларды сақтау төмен дәрежеде сақталуда. Бұл шаралар қолданыстағы стратегияларды күшейтеді және оларды сақтауды жақсартады. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың еңбек нарығына қатысуын ұлғайта отырып, оларға әлеуметтік қолдау көрсету үшін Қазақстанда ең үздік саяси шаралар әзірленуі және енгізілуі мүмкін.

### **Э Ы Д Ұ            н е            ұ с ы н а            а л а д ы ?**

**ЭЫДҰ жастар, егде қызметкерлер мен мүмкіндігі шектеулі адамдардың мүдделері үшін білім беруде, жұмыспен қамтуда және әлеуметтік саясатты талдауда көшбасшы болып табылады.**

• ЭЫДҰ таяуда жастармен жұмыс (ELS) бойынша стратегиялық шолудың және кәсіптік орта білім беру мен тағылымдаманың - жұмыс жөніндегі оқытудың (EDU) ірі ауқымды екі сериясын аяқтады. Бұл шолулар ЭЫДҰ-ның еңбек нарығын және жастардың дағдысын талдау жөніндегі жетекші халықаралық орган ретінде ұстанымын қайта растады. Сонымен қатар ЭЫДҰ-ның гендерлік мәселелер (Сәбилер мен Бостар серияларында және гендерлік олқылықтардың есептерін жабу) және әлеуметтік қорғау жүйелерінің салыстыруға жатпайтын білімі бойынша үлкен тәжірибесі бар. Бұл жас ұрпақты осы білім қоғамына негіздей және оларды Қазақстанның қолданыстағы саясатына бейімдей отырып, жұмысқа орналастыруды жақсартуға көмек көрсетеді.

• Сонымен бірге ЭЫДҰ жұмысқа орналастыру, кәсіптік ұтқырлық және жұмыс күшіне қажеттілік жолымен еңбек нарығына қатысу үшін егде адамдарды көтермелеу үшін саясат мәселелері бойынша шолулардың жаңа серияларын жүргізеді. Бұл шолулар «Ұзақ өмір сүрсен, ұзақ жұмыс істейсің» кең ауқымды баяндамасында ұсынылған саяси күн тәртібіне негізделеді. Шолулар әдетте, жақында өткен реформалардың салыстырмалы саяси шолуларын және егде қызметкерлердің жұмыспен қамтылуын ынталандыру шараларын және жақында өткен саяси реформаларды және табысты тәжірибені бағалау үшін елдердің үлгілерін қоса алғандағы бірнеше саланы қамтиды.



Бұл шолулардағы жұмыс тәжірибесі Қазақстанға арналған жобада да пайдаланылатын  
б о л а д ы .

• Бұдан басқа ЭЫДҰ мүмкіндігі шектеулі адамдарға бағытталған еңбек нарығы мен әлеуметтік қорғау бағдарламаларының кең спектрін көздейді және көптеген елдердегі саясат пен нәтижелер арасындағы қатынастарды талдайды. Бұл контексте ЭЫДҰ психикалық аурулар және ЭЫДҰ жақсы жұмыс істейтін еңбек нарығы және әлеуметтік саясат бойынша ауқымды жұмыс жүргізеді. ЭЫДҰ-ның «Жұмысқа тартылған науқастар туралы» баяндамасы білімдегі олқылықтарды және элем бойынша психикалық аурулары бар адамдарды жұмысқа барынша кірістіретін маңызды проблемалар мен тосқауылдар бойынша деректерге негіздей отырып, олардың арнайы шектеулерін айқындауды көздейді. Бұл бағыт Қазақстан бағдарламалары бойынша ЭЫДҰ жұмысына жақсы әсер етеді.

### **Үш топқа бағытталған саясат бойынша шолу қандай болады?**

• Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі жастарға, егде қызметкерлер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға белгілі бір түрде бағытталған әлеуметтік қорғалмаған қызметкерлер жөніндегі жобаны іске асыруда ЭЫДҰ-ға өзінің мүддесі туралы хабарлады. Жобаның мақсаты саяси шолу нысанын да болады деп күтілуде, бұл Қазақстандағы жастардың, егде қызметкерлер мен мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік интеграциясына және жұмыспен қамтуға байланысты негізгі проблемаларды талдауға және әлеуметтік және еңбек салаларындағы олардың нәтижелерін қамтамасыз ету үшін тұспа тұс келетін саяси шараларды айқындауға  
м ү м к і н д і к б е р е д і .

• Құрылымның бір бөлігі мынадай тақырыптарды қамтитын шолу болып табылады:  
Қазақстанда еңбек нарығындағы жастардың, егде қызметкерлер мен мүмкіндігі шектеулі адамдардың жағдайын жұмыспен қамтылмаған адамдарға, дара еңбек қызметімен шұғылданатын немесе формальды емес секторда жұмыс істейтін адамдарға ерекше назар аудара отырып, егжей-тегжейлі бағалау жүргізу;  
білім беру және кәсіптік даярлау жүйесінің, сондай-ақ жастарды, егде қызметкерлер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарды дағдыландыруға негізделген жұмыс берушілерге қажетті білімін жоғарылату және тағылымдама жөніндегі бағдарламалардың (VET)  
р ө л і ;

жұмыс іздеуге көмек көрсетуді, жұмысқа уақытша қабылдау бойынша мемлекеттік көмекті және бастамаларды, жұмыс іздеп жүрген жас адамдарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін жаңа кәсіпорындарды құруға көмек көрсетуге, сондай-ақ егде жастағы адамдарды жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге және олардың жұмыс орнын сақтауға көмектесуге ниеті барларды қоса алғанда, еңбек нарығындағы белсенді  
б а ғ д а р л а м а л а р д ы ң р ө л і ;

әлеуметтік саясаттың рөлі бала күтімі бойынша жәрдемақылар, шартты әлеуметтік көмек төлеу, консультациялар және тәлімгерлік, сондай-ақ медициналық көмектің

кепілдік берілген көлемі арқылы білім беру немесе оқу бағдарламаларын бастау немесе аяқтау кезінде тосқауылдарды жеңуде көмек көрсету болып табылады;

жастарды, егде қызметкерлерді және мүмкіндігі шектеулі адамдарды еңбек нарығында ықпалдастыруда (мысалы, жалақы жөніндегі уағдаластық шаралары, жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және т.б.), сондай-ақ кәсіптік дағдыларына деген сұранысты ынталандыруда қоғамдық институттардың рөлі.

• Шолу еңбек нарығында олардың табысты және мықты ықпалдасуы үшін қажетті Қазақстандағы жастарды, егде қызметкерлер мен мүгедек жұмысшыларды дағдылармен және әлеуметтік қолдаумен қамтамасыз етуді жақсарту мәселелері бойынша бірқатар саяси ұсынымдардан тұрады. Бұл ұсынымдар саясат және оның дамуы үшін мониторингтің қажетті құралдарын дамытуды да қамтитын болады.

• Төменде көрсетілген ерекше мақсаттар: жастарға, егде қызметкерлер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға бағытталған халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарының саясатын жүргізудің табысты халықаралық тәжірибесі туралы ақпарат беру;

Қазақстанда жастарға, егде қызметкерлер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға бағытталған халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарын жұмысқа орналастыру бойынша негізгі кедергілер мен проблемаларды анықтау; халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына жәрдемдесу бойынша ұсынымдар дайындау.

### **Мерзімдері, нәтижелері және құны**

• Қазақстанда барынша инклюзивті еңбек нарығын құру жөніндегі шолу үшін ЭЫДҰ-ның ұсыныстарын енгізудің белгілі бір сатылары ҚР ДСӘДМ-мен келісім бойынша қабылданады, бірақ мыналарды қамтуы мүмкін:

• **Дайындық жұмысы:** Бастапқы байланыстар және ЭЫДҰ-да және ДСӘДМ-де жауапты адамды тағайындау.

• **Сауалнама жүргізу:** Жастарға, егде қызметкерлер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға ерекше назар аудара отырып, қолайсыз жағдайда жұмыс істейтін жұмысшыларды жұмыспен қамтудағы және негізгі саяси бастамалардағы тосқауылдар бойынша сауалнаманың нәтижелері ДСӘДМ-ге жіберілетін болады [Қол қойылған күн + 4 ай].

• **Бастапқы семинар және бір апталық оқу сапары:** Бастапқы семинар және бір апталық оқу сапары өткізіледі [қол қойылған күн + 8 айға 5]. ЭЫДҰ «бастапқы» семинарына ұсынып, талқылау үшін проблемалар туралы қысқаша мақала дайындайды. ЭЫДҰ-дың жағдайында басқа елдердегі ауқымды шолуларда көрсетілген негізгі нәтижелер мен стратегиялық сабақтарға шолуды беру керек. Бастапқы семинарда жобаның одан арғы фокус бағытын талқылауға болады. Оқу сапары семинар өткізуге негізделетін болады.

• **Баяндама жобасы:** Есептің жобасы осы Келісімге қол қойылғаннан кейін он сегіз

айдың ішінде дайындалатын болады. ЭЫДҰ таныстыру сапары барысында жинақталған ақпарат негізінде Қазақстан Республикасындағы жастар, егде қызметкерлер мен мүмкіндігі шектеулі адамдар санаттарының еңбек нарығындағы жағдайы туралы есептің жобасын дайындайды, ол халықтың осы топтарының жұмысқа орналасуы кезінде кездесетін негізгі кедергілерді және осы негізгі кедергілерді жоюды шешу жолдарын айқындайды.

- **Екінші семинар:** осы Келісімге қол қойылғаннан кейін он тоғыз айдың ішінде Қазақстан Республикасында ЭЫДҰ-ның қорытынды есебі бойынша есеп семинары өткізіледі. Бұл семинардың мақсаты тиісті министрліктерден және басқа мүдделі тараптардан түйінді қазақстандық сарапшылармен есеп жобасының басты нәтижелерін және стратегиялық ұсынымдарды талқылау болып табылады.

- **Өзгерістер мен жарияланымдар:** осы Келісімге қол қойылғаннан кейін жиырма төрт айдың ішінде ЭЫДҰ Қазақстанның уәкілетті органдарымен есеп семинары және консультация кезіндегі талқылау қорытындыларын есепке ала отырып, есеп жобасын пысықтайды және жариялайды.

- **Қорытынды іс-шаралар:** ЭЫДҰ және Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасында қорытынды есептің презентациясын ұйымдастыруға тиіс [қол қойылған күн + 24 ай].

• ЭЫДҰ-ның осы шолуды өткізуге жалпы шығындары 818 мың евроға бағаланып отыр. Бұл сома қорытынды жарияланымды ағылшын тілінен орыс тіліне аудару шығыстарын да қамтиды. Оған ЭЫДҰ-ның Қазақстанға сапарлары кезіндегі орыс тілінен ағылшын тіліне аудару шығыстары қосылмайды.

• Қызығушылық туындаған жағдайда және жеке келісім негізінде ЭЫДҰ-ның командасымен шолуды жүргізу бойынша ЭЫДҰ-да жұмыс істеу үшін 6 ай мерзімге ЭЫДҰ ДСӘДМ ғылыми қызметкерін тарта алады.

Қазақстанда барынша инклюзивті еңбек нарығын құру жобасы бойынша жоспар		
Қадамдар	ҚАБЫЛДАНАТЫН ТИІСТІ ШАРАЛАР	кезең
Дайындық жұмысы	Бастапқы байланыстар және жауапты адамды тағайындау (Қазақстан Республикасының Үкіметі)	Наурыз 2015 жыл
Сауалнама	Жастарға, егде қызметкерлер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға ерекше назар аударып отырып, қолайсыз жағдайда жұмыс істейтін жұмысшыларды жұмыспен қамтудағы және негізгі саяси бастамалардағы тосқауылдар бойынша сауалнаманың нәтижелері Қазақстан Республикасының Үкіметіне жіберілетін болады	Қол қою + 4 ай
Бастапқы семинар және бір апталық сапары	Бастапқы семинар және бір апталық оқу семинар және бір сапары өткізіледі [Қол қойылған күн +5 8 айға] ЭЫДҰ «Бастапқы» семинарға ұсынуға талқылау үшін проблемалар туралы қысқаша мақала дайындайды. ЭЫДҰ жағдайы үшін басқа елдердегі ауқымды шолуларда көрсетілген негізгі нәтижелер мен стратегиялық сабақтарға шолуды ұсыну керек. Бастапқы семинарда жобаның одан арғы фокус бағытын талқылауға болады. Оқу сапары семинар өткізуге негізделетін болады.	Қол қою + 5-8 ай
	Есептің жобасы осы Келісімге қол қойылғаннан кейін он сегіз айдың ішінде дайындалатын болады. ЭЫДҰ таныстыру сапары барысында жинақталған	

Баяндама жобасы	ақпарат негізінде Қазақстан Республикасындағы жастар, егде қызметкерлер мен мүмкіндігі шектеулі адамдар санаттарының еңбек нарығындағы жағдайы туралы есептің жобасын дайындайды, ол халықтың осы топтарының жұмысқа орналасуы кезінде кездесетін негізгі кедергілерді және осы негізгі кедергілерді жоюды шешу жолдарын айқындайды.	Қол қою + 18 ай
Екінші семинар	осы Келісімге қол қойылғаннан кейін он тоғыз айдың ішінде Қазақстан Республикасында ЭЫДҰ-ның қорытынды есебі бойынша есеп семинары өткізіледі. Бұл семинардың мақсаты тиісті министрліктерден және басқа мүдделі тараптардан түйінді қазақстандық сарапшылармен есеп жобасының басты нәтижелерін және стратегиялық ұсынымдарды талқылау болып табылады.	Қол қою + 19 ай
Өзгерістер мен жарияланымдар	осы Келісімге қол қойылғаннан кейін жиырма төрт айдың ішінде ЭЫДҰ қазақстанның уәкілетті органдарымен есеп семинары және консультация кезіндегі талқылау қорытындыларын есепке ала отырып, есеп жобасын пысықтайды және жариялайды.	Қол қою + 24 ай
Қорытынды іс-шара	ЭЫДҰ және Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасында қойылған қорытынды есептің презентациясын ұйымдастыруға тиіс	Қол қойылған күн + 24 ай

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т е с і !**

**Бұдан әрі тақырып ағылшын тілінде.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК